

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

- если нет такой возможности, то также снизить употребление нитратов можно посредством употребления только свежесжатых соков и свежеприготовленных салатов. Перед употреблением огурцов, свеклы и других продуктов питания, перед использованием, нужно тщательно промыть и отчистить от кожуры, так как именно в кожуре содержится наибольшее количество нитратов.

- также снизить количество нитратов можно посредством варки овощей или при тушении.

Действительно, согласно заявлению ВОЗ, риск вреда от потребления нитратов в ранних овощах не превышает их полезного воздействия, если овощи употребляются в сыром виде. Это означает, что при правильном употреблении ранние овощи могут быть полезны для здоровья. Однако, необходимо помнить, что избыток нитратов в пище может быть вреден для здоровья, поэтому важно соблюдать меру при их потреблении.

Список использованных источников

1. ТР ТС 021/2011 «О безопасности пищевой продукции» (с изменениями на 14 июля 2021 года)
2. <https://mr-ogorodnik.ru/dom/nitraty-v-ovoshhah-i-fruktah/>
3. Ромазова Н.В., Коношина С.Н. «роль нитратов в формировании здоровья человека» <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-nitratov-v-formirovanii-zdorovya-cheloveka>
4. «Вестник Приамурского государственного университета им. Шолом-Алейхема» № 3(24)2016 «содержание нитратов в растительных продуктах питания и их влияние на здоровье человека» https://pgusa.ru/sites/default/files/vestnik/4171/027-036_krohalyova_s_i_cherepanov_p_v.pdf

УДК 00.006.083.74

ISO 31000, FERMA ЖӘНЕ COSO ERM СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС ТӘУЕКЕЛ МЕНЕДЖМЕНТІН ҰЙЫМНЫҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ БІРІКТІРУ

Мұхитова Жанетта Бауыржанқызы

zhanetta.mukhitova@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ көлік-энергетика факультетінің
«Стандарттау және сертификаттау» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті
Ғылыми жетекшісі –Ермаханова Ф.Р.

Тәуекел менеджментінің негізгі мақсаты – тәуекелді азайту, жол берілмейтін тәуекелді болдырмау. Ол әртүрлі залалдың немесе пайданың басталуына әкелетін белгілі бір оқиғалардың немесе төтенше жағдайлардың әртүрлі салаларға, процестерге және т.б. әсер ету негізгі және жанама дәрежесін және оны қалай басқаруға болатынын нұсқау немесе бақылау[1].

Тәуекелдерді басқарудың бірінші ұлттық стандарты AS/NZS 4360:2004 1995 жылы Австралияда шығарылды. Содан кейін 1997 жылы канадалық стандарт CSA Q 850:1997 «Тәуекелдерді басқару. Нұсқаулық», 2001 жылы -- жапондық JIS Q 2001:2001 «ТМ әзірлеу және енгізу бойынша ұсыныстар», 2002 жылы IRM 2002 «Тәуекелдерді басқару стандарты» Ұлыбританияда пайда болды. 2002 жылы Еуропада «Тәуекелдерді басқару» FERMA стандарты, ал 2004 жылы АҚШ-та COSO-2004 «Ұйымда тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған моделі», Тредвея комиссиясының демеуші ұйымдар комитетімен шығарылды. Ақырында, 2009 жылы ISO 31000 халықаралық стандартының бірінші нұсқасы шықты.

Қазіргі уақытта тәуекелдерді басқару стандарттарын үш негізгі үлгіге бөлуге болады:

- ISO 31000:2018 халықаралық стандарты «Тәуекелдерді басқару. Нұсқаулық»;

- COSO ERM-2017 американдық үлгісі (ERM – Enterprise Risk Management);
- FERMA-2002 еуропалық стандарты (Тәуекел менеджерлерінің Еуропалық қауымдастығы федерациясы).

Бұл құжаттардың тәсілдерінің, стилінің және жай көлемінің айырмашылығына қарамастан (мысалы, COSO ERM 200 бет, ISO 31000 20 беттен аз), осы стандарттардың әрқайсысы тәуекел дегеніміз – мақсаттарға жету үшін белгісіздік әсері деген анықтаманы ұстанады. Бұл ретте тәуекел мен салдарды шатастырмау, тәуекелдерді дұрыс анықтау маңызды [2-7].

2018 жылы ескі ISO 31000:2009 стандартының орнына ISO 31000 стандартының жаңа нұсқасы шығарылды. ISO 31000:2018 стандартының жалпы мақсаты өзгеріссіз қалады – тәуекелдерді басқаруды стратегиялық және операциялық басқару жүйесіне біріктіру.

ISO 31000:2018 стандарты тәуекелді басқару принциптерге, тиімді басқару құрылымы мен процестеріне негізделгенін ұсынады. Бұл стандарт тәуекелдерді басқару бойынша нақты нұсқауларды қажет ететін кез келген ұйым үшін жарамды.

ISO 31000 тәуекелдерді басқару моделі компанияның контекстіне және мақсаттарына негізделеді, содан кейін тәуекелдер анықталады, талданады, бағаланады және өңделеді. ISO 31000:2018 стандартының тәуекелдерді басқаруды стратегиялық және операциялық басқару жүйесіне біріктіру деген ортақ мақсаты өзгеріссіз қалды. Тәуекелдерді басқару процесін компанияның бизнес-процестеріне біріктіру оңай мәселе емес, бірақ ұйымдағы тәуекелдерді басқарудың сапасы мен тиімділігі оның жүзеге асуына байланысты.

Алдымен біз тәуекелдерді басқаруды сипаттайтын алгоритмдерді COSO, FERMA және ISO 31000 стандарттарында үш модельде қарастырамыз, 1-сурет. Шын мәнінде, бұл үш модель (COSO ERM, FERMA және ISO 31000), олар қаншалықты әртүрлі болса да, «тәуекел» түсінігін бекітілген мақсаттармен байланыстырады. Еуропалық FERMA стандарты стратегиялық мақсаттарға негізделген. Келесі кезекте тәуекелдерді талдау (тәуекелдерді анықтау және сипаттау), тәуекелді бағалау және оларды өңдеу бойынша шешім қабылдау іске асырылады. COSO ERM-2004 бизнес мақсаттарының төрт санатын (стратегиялық, операциялық, есеп беруге дайындау мақсаттары, заңнамалардың сақталуы мақсаттары мен комплеанс) және сол мақсаттарға жету үшін Тәуекелдерді басқару жүйесін құруды қарастырады. 2017 жылдан бастап COSO тәуекелдерді басқару процесін бар процестерге біріктіруге назар аударды.



1-сурет Тәуекелді басқарудың жалпы алгоритмі

Үш стандарттың – COSO, FERMA және ISO 31000 тәуекелдерді басқарудың жалпыланған моделі келесідей: компанияның контекстін орнату, мақсаттарды, процестерді анықтау. Содан кейін тәуекелдерді анықтау, талдау және бағалау, одан кейін - тәуекелдерді өңдеу. Тәуекелдерді басқару процесінің әрбір сатысында тәуекелдер бойынша кеңес беру және хабарлау, сондай-ақ тәуекелдерді бақылау және талдау қажет [2,6,7]

Сонымен, тәуекелдерді басқарудың үш моделі: ISO 31000:2018, FERMA және COSO ERM:2017. Бұл құжаттарда «тәуекелдерді басқару жүйесі» деген сөзтізбесі жоқ, бірақ «тәуекелдерді басқару процесі» термині бар. Оның үстіне, тәуекелдерді басқару процесі ұйымдағы бар басқару процесстеріне тіркеліп, енгізілуі керек деген. Ең бастысы, ол ең маңызды процесс шешім қабылдау процессіне тіркелуі керек, себебі ұйым шешімді тәуекелді ескеріп отырып қабылдау керек [8].

ISO 31000, FERMA және COSO ERM «тәуекелдерді басқару процесі» деген сөз тіркесін қолданатынын және оны бар процестерге біріктіруді талап ететінін растау ретінде мен осы үш модельден қысқаша үзінді береміз.

COSO ERM-2017, 4 б. «Ұйымдағы тәуекелдерді басқару процесінің интеграциясы»:

Ұйымның тәуекелдерді басқару процесі келесі жағдайларда сәтті біріктіріледі:

- стратегияны анықтау процесінде нұсқаларды бағалау кезінде тәуекел тікелей есепке алынады;
- менеджмент тәуекелдермен белсенді жұмыс істейді [6]

FERMA, 8.6 «Ресурстар және тәуекелдерді басқару бағдарламасын іске асыру» тармағы:

Тәуекелдерді басқару процесі ұйымға мыналар арқылы біріктірілуі керек: стратегиялық басқару және бюджеттеу процесі [7].

ISO 31000:2018, 6 бөлім "Тәуекелдерді басқару процесі ":

Тәуекелдерді басқару процесі басқару процестерінің құрамдас бөлігі болуы керек және ұйымның процестеріне біріктірілуі керек [2].


Менеджмент жүйесін тәуекелге бағдарланған ету үшін біз тәуекелдерді басқаруды қолданыстағы процестерге енгізуге, біріктіруге тиіспіз. Мұны қалай жасау керектігі төменде түсіндіріледі. Ең алдымен, біз процесс моделін құрастырамыз және оған тәуекел менеджменті процесін біріктіреміз, 2-суретті қара.



2-сурет Тәуекел менеджменті процесстерін ұйымның өндіріс процесстеріне біріктіру

Негізгі процесті алып, біз оны кезеңдерге бөлеміз және процестің «кіріс» және «шығыс» критерийлерін анықтаймыз (бұл ISO 9001 4.4.1.c тармағының тікелей талабы). Осыдан кейін тәуекелдерді басқару процесі іске қосылады және біз тәуекелді анықтауды бастаймыз. Яғни, біз процестің белгіленген көрсеткіштеріне оң немесе теріс әсер етуі мүмкін оқиғаларды жазамыз («кіріс» және «шығыс» критерийлері).

Тәуекел менеджменті процесстерінде тәуекелді анықтау, талдау және бағалауды ISO 31010 стандартындағы «галстук-көбелек» әдісі қолданылып 3-суретте көрсетілген.



3-сурет Тәуекел менеджменті процесстерінде тәуекелді анықтау, талдау және бағалауды ISO 31010 стандартындағы «галстук-көбелек» әдісімен көрсету

Сонымен бұл тәуекел менеджментін ұйымға кіргізу үшін ISO 31000, FERMA және COSO ERM стандарттарына сәйкес тәуекел менеджментін ұйымның басқару жүйесіне біріктіру үлгісі. Осы үлгі арқылы тәуекел менеджментін ұйымға енгізіп жұмыс істетуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Плошкин В.В. Оценка и управление рисками на предприятиях: Учебное пособие. - Ст. Оскол: ТНТ, 2013. – 448 с.
2. ҚР СТ ISO 31000-2023 Тәуекел менеджменті. Басшылық нұсқаулар
3. ҚР СТ ISO 31004-2018 Тәуекел менеджменті. ISO 31000 енгізу үшін нұсқаулық
4. ҚР СТ ІЕС 31010-2023 Тәуекел менеджменті. Тәуекелді бағалау әдістері
5. ҚР СТ ISO 9001-2016 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар
6. FERMA «Управление рисками»
7. COSO-2004 «Интегрированная модель управления рисками организации»
8. <https://kazpetrodrilling.kz/ktms-2/> сайты